

Н. Ж. Даулеткереева, Г. Б. Мухангалиева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқулық

Оқу қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын
жалпы білім беретін мектептің
4-сынып оқушыларына арналған

3-бөлім

*Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі ұсынған*

АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2023

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Д 19

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
мамандарымен келісілген*

Даулеткереева Н. Ж.
Д 19 Қазақ тілі: Оқулық. Оқу қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын жалпы
білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған. 3-бөлім.
/ Даулеткереева Н. Ж., Мухангалиева Г. Б. – Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ,
2023. – 96 бет, суретті.

ISBN 978-602-02-1176-3 – жалпы
3-бөлім. – 96 б., сур.:
ISBN 978-601-01-3867-4

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-01-3867-4 (3-бөлім)
ISBN 978-602-02-1176-3 (жалпы)

© Даулеткереева Н. Ж., Мухангалиева Г. Б., 2019
© «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, 2019

Құрметті оқушы!

«Қазақ тілі» оқулығы – өзіңнің ең сүйікті пәндеріңнің бірі. Ендеше таңғажайып ғарыш әлемі мен болашақтың еліне түрлі саяхаттар жасап, білімімізді тереңдетейік. Өзіміз қиялдаудан шаршамайық, өзгенің арман-қиялына да қанат бітірейік. Оқылым мен тыңдалым бойынша дағдыларымызды қалыптастыру үшін ұсынылған қызықты әңгіме мен өлеңдерден ғибрат алудан жалықпайық. Жаттығуларды көңілді әрі асқан ынтамен орында. Жазылым кезінде шабытыңа ерік бер. Оқулықтан үйренген тілдік құрылымдарды дұрыс пайдалана біл. Біз әрқашан өзіңмен біргеміз, білім жолындағы жетістіктерің үшін қуанамыз.

Бұл оқулықтың ғаламтор желісінде электронды нұсқасы бар. Ноутбук, компьютер, планшет және смартфондарды пайдаланып, электронды оқулықпен жұмыс істей бересің. Электронды оқулықтар қызықты материалдармен үнемі толықтырылып отырылады. Әр сабақта тақырыпқа сай сурет, сызба, аудио және бейнематериалдар берілген. Сонымен қатар тапсырмаларды дұрыс орындағаныңды бірден тексеруге мүмкіндігің бар.

Қадамың сәтті болсын!



105

Ғарышкер болғым келеді

Өз арманың немесе қалауың туралы сөйлесесің.
Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер үйренесің.

- ғарышкер
- ғарыш
- алыс
- жақын
- айлақ

Оқыық және жауап берейік

1. Жұмбақты шеш.

Күміс қанат сұңқары

Көкке еркін сұңгиді.

Бұлттан да тым әрі

Кеткен жанды кім дейді?




ғарышкер



ұшқыш

Жаңа сөз үйренейік



ғарышкеме



ғарышайлақ



ғарыш

Жаттығайық

2. Сөйлемді толықтырып жаз.

Керекті сөздер: ғарыш, ғарышкеме, ғарышайлақ, ғарышкер.

1. ... ғарышкемеге отырды.
2. ... ғарышайлағынан ұшты.
3. ... әлемі сондай ғажап!
4. Жүр, Байқоңырға барайық, онда әлемге танымал ... бар.

Тыңдайық және жауап берейік

3. Мәтінді тыңда және оқы. Балалар өскенде кім болуды армандайды? Анықта.

			
	Бақыт	Айсана	Қуаныш
ғарышкер			
астроном			
ұшқыш			

Бақыт: Қуаныш, Айсана, өскенде кім болғыларың келеді?

Айсана: Мен өскенде ғарышкер болғым келеді. **Алыс-жақын** ғаламшарларды ғарышкемеммен аралағым келеді.

Қуаныш: Ал мен астроном болғым келеді. Жұлдыздар әлемін терең білгім келеді.

Бақыт: Иә, армандарың орындалсын. Мен де өскенде ғарышкер болғым келеді. Үнемі түсімде **ғарышайлағынан** кеменен **ғарышқа** ұшып бара жатамын.

Сөйлесейік

4. Бақыт, Айсана, Қуаныштардың рөлдерін бөліп алып, ойнаңдар. Дайын сөйлесім үлгілерін қолданыңдар.

... , өскенде кім болғың келеді?


Ал мен астроном болғым келеді. Жұлдыздар әлемін терең білгім келеді.

Мен де өскенде ғарышкер болғым келеді. Ғарышайлағынан ғарышқа ұшқым келеді.

Мен ұшқыш болғым келеді. Алыс-жақын елдерді ұшағыммен аралағым келеді.

Ойланайық

5. Берілген сөздермен сөз тіркесін жаса. Сөйлем құра.



Жазайық

6. Балалардың арманы туралы жаз.

Үлгі: Мен ғарышайлағын (көру).

Мен ғарышайлағын көргім келеді.



Бақыт

Мен ғарышкемемен (ұшу).
Мен ғарыш әлемін (аралау).



Қуаныш

Мен алыс ғарышты (бақылау).
Мен ғажайып ғарыш әлемі
туралы (жазу).



Айсана

Мен алыс және жақын елдерді ұшақпен
(аралау). Ғажайып елдерде (суретке түсу).

106

Байқоңыр

Байқоңыр ғарышайлағы туралы мәлімет аласың.
Жай сөйлем құрап үйренесің.

- зымыран
- жер серігі
- сынақ
- кеңістік

Сөйлесейік

1. Бақытқа сұрақ қой.



Балалар, бүгінгі сабақта менімен бірге Байқоңырды аралайсыңдар. Қандай сұрақтарың бар? Мен жауап беруге тырысамын.



«Байқоңыр» ғарышайлағы қай жерде орналасқан?

?

«Байқоңыр» ғарышайлағы қай жылы ашылды?

?



Жаңа сөз үйренейік



зымыран



сынақ



жер серігі

Жаттығайық

2. Сөйлемдерді оқы. Сұраққа жауап бер. Жаңа сөздерді пайдалан.
1. Аспанға тез көтерілді. Соңынан ізі қалды. Бұл не?
2. Жаңа зымыран ұшырылды. Ғалымдар бақылап тұр. Бұл жерде не болады?
3. Жерді алыстан бақылайды. Стансыларға түрлі суреттер жібереді. Бұл не?

Тыңдайық

3. Мәтінді тыңда және оқы. Мазмұнын айт.

Ғарышайлақ

«Байқоңыр» ғарышайлағы Қызылорда облысында орналасқан. Ғарышайлақ 1955 жылы салынды. «Байқоңыр» ғарышайлағының қасында қала мен ауыл орналасқан.

1957 жылы Байқоңырдан алғашқы зымыран ғарышқа ұшты. Ол ең бірінші болып жер серігін ғарышқа алып барды. Байқоңырдан «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» деп аталатын ғарышкемелері ұшырылды.

Тыңдайық және жауап берейік

4. Дұрыс не бұрыс екенін анықта.

	дұрыс	бұрыс
«Байқоңыр» ғарышайлағы Қызылорда облысында орналасқан.		
Байқоңырды 1957 жылы тұрғызған.		
Байқоңырдан тұңғыш зымыран 1955 жылы ұшырылған.		
Байқоңырда ең алғаш жер серігі жасалған.		

Оқы

5. Мәнерлеп оқы. Мәтін түріне ажырат. Дәлелде.

Байқоңыр

Ғарышкерлер мекені –
Қазақ жері Байқоңыр.
Қай жер саған жетеді,
Ғажап жерім – Байқоңыр!

ертегі

әңгіме

өлең

Е. Ерботин

Талдайық

6. Кестедегі мәліметті талқыла.

	Тақырыбы болады	Авторы бар	Жолдары ұйқасқа құрылған	Оқиға баяндалады	Кейіпкері болады
өлең					
әңгіме					
ертегі					

Оқиық және жауап берейік

7. Өлең туралы мәліметті анықта.

Өлең неше шумақтан құрылған?

Өлеңнің тақырыбы қай жерге жазылады?

Өлеңнің авторы қай жерге жазылады?

Өлеңнің қай жолдары ұйқас болады?

107

Ғарышкеме

Мәтіннен нақты мәліметті тауып оқисың.
Мәндес сөздерді қолдана отырып сөйлейсің.

- арнайы
- тар
- шақырым
- оралу
- салмақ
- жоғалту

Ойланайық

1. Сұрақтарға жауап бер.



Бақыт

Балалар, қалай ойлайсыңдар, ғарышкеменің іші қандай? Онда не бар?
Ғарышкеме қандай жылдамдықпен ұшады?
Ғарышкерлер неліктен қабырғаға байланған арнайы қапта ұйықтайды?

Оқиық және жауап берейік

2. Бақыттың қойған сұрақтарына жауап тауып оқы.



Мынау – ғарышкеме. Ол бір минутта 600-700 **шақырым** биікке көтеріледі. Ғарышкеме Жерге қайтып **оралады**, бірақ зымыран Жерге қайта оралмайды. Ғарышкеменің сыртында адам өмір сүре алмайды. Ғарышкеменің ішінде де біраз қиындықтар бар. Ғарышкерлер ауада қалқып жүреді. Ол жақта барлық зат **салмақ жоғалтады**. Ғарышкерлер **арнайы** қапта ұйықтайды. Ұйықтау қабы қабырғаға байланып тұрады.


Анықтайық

3. Сөздердің түсіндірмесін қарсы бағаннан тап.

оралады	қашықтық өлшемі
шақырым	қайтып келеді
арнайы	өте кішкентай
салмақ жоғалтады	әдейі
тар	жеңілдейді

Жаттығайық

4. а) Қарсы мәндес сөздерді тап.



ә) Сөйлемдерді оқы. Сөздерге қосымша жалға.

1. Ғарышқа зымыран... ұштым.
2. Ғарышкерлер арнайы қап... ұйықтайды.
3. Ғарышкерлер ауа... қалқып жүреді.
4. Ғарышкеме 4000 шақырым... тез жетеді.

! Есте сақтайық

Ғарышкер зымыран**мен** ұшты.

Ғарышкер ғарыш**қа** ұшты.

Ғарышкерлер ғарыш**та** болды.

Ғарышкерлер Ай**ды** көрді.

Ғарышкерлер ғарыш**тан** оралды.

Ғарышкер**дің** арнайы компьютері **болады**.

108

Ғарыштағы ас мәзірі

Ғарыштағы ас мәзірі туралы білетін боласың. Сұрау мағынасындағы сөздерді қолдануды үйренесің.

- ас мәзірі
- сықпа
- кептірілген
- іздеу

Тыңдайық

1. Диалогті тыңда. Жүргізіп оқы.



- Ғаламтордан не іздеп отырсың, Бақыт?
- Менің ғарыш туралы көп нәрсе білгім келеді.
- Сонда не туралы мәлімет іздеп отырсың?
- Ғарышкердің ас мәзірі туралы білгім келді.
- Мәлімет таптың ба?
- Иә, болашақ ғарышкер бәрін табады.

Ойланайық

2. Тыңдаған мәтін диалог пе?

Оның диалог екенін қалай ажыратуға болады?

! Есте сақтайық

Сен ғарышқа ұшасың ба ?	ба
Сен ғарыш туралы көп білесің бе ?	бе
Ғарышта ауа бар ма ?	ма
Скафандр жеңіл ме ?	ме
Бұл сықпадағы тосап па ?	па
Ғарышкемені айлаққа әкеліп пе ?	пе

! Назар аударайық

Қайда?	Қайда барасың?
Қашан?	Сен қашан Байқоңырға барасың?
Неге?	Неге ғарыш туралы оқымайсың?
Неліктен?	Неліктен ғарышкеме туралы сұрадың?
Не үшін?	Зымыранды не үшін ұшырамыз?
Не себепті?	Жер серігін не себепті жасайды?
Кіммен?	Байқоңырға кіммен барасың?
Қанша?	Айға дейін қанша шақырым ұшу керек?
Не істейді?	Ғарышта ғарышкерлер не істейді?

Жаттығайық

3. Берілген жаңа сөздерді қатыстырып, сұраулы сөйлем құра.

Үлгі: Зымыранды көргің келе ме? Қашан көргің келеді?
Ғарыш туралы оқисың ба? Қашан кітап оқыдың?

Жаңа сөз үйренейік



Оқы

4. Мәтінді түсініп оқы.

Ғарышта ғарышкерлер түрлі **ас мәзірін** пайдалана алады. Олардың тағамдары арнайы **сықпада** болады. Бұл сықпалардың ішінде жеміс кисельдері, сүтті кофе, борщ, саңырауқұлақ сорпасы, түрлі ботқа, тауық еті болады. Ғарышкерлерге сықпадағы тағамдарды алып жүру, қолдану өте ыңғайлы. Сықпадағы тағамның дәмі өзгермейді.



Оның тек салмағы азаяды. Алғашында ғарышкерлер үшін кептірілген тағамдар дайындалған. Алайда олар үнемі үгітіліп кететін. Сондықтан ғалымдар арнайы сықпаларды ойлап тапқан.

Оқиық және жауап берейік

5. Мәтінге сұрақтар қой.

Үлгі: Ғарышқа қандай тағамдар алуға болады?

Анықтайық

6. Мәтінде неше сөйлем бар?

Сөйлем соңында неліктен нүкте қойылған?

! Есте сақтайық

Жай хабарлай айтылған сөйлемнің соңына нүкте (.) қойылады.

109

Қазақстанның тұңғыш ғарышкері

Т. Әубәкіровтің сұхбатын оқисың.
Тілдік құрылымдарды қолдануды үйренесің.

- айналу
- батыл
- марапат
- марапаттау



Сәлем, достар! Менімен бірге жүріңдер.
Қазір Қазақстанның тұңғыш ғарышкері
Тоқтар Әубәкіровтен сұхбат аламыз.

Жаттығайық

1. Тілдік құрылымдармен таныс. Өзің де мысал келтір.

... болуды армандадым.	<i>Әнші болуды армандадым. Биші болуды армандадым. Дәрігер болуды армандадым.</i>
... жауап беретін едім.	... кеңес беретін едім, ... сыйлық беретін едім, ... әкеліп беретін едім, ... оқып беретін едім, ... айтып беретін едім.
... құстай сезіндім.	Өзімді жас баладай сезіндім. Өзімді нағыз батырдай сезіндім. Өзімді үлкен кісідей сезіндім.
... жақындай бастадым.	... сұрай бастадым, ... оқи бастадым, ... жаза бастадым.

Оқыық

2. Мәтінді түсініп оқы.

Мен аспаннан ең алғаш ұшақты көрген күннен бастап ұшқыш **болуды армандадым**. Менен сол кезде: «Нені жақсы көресің?» – деп біреу сұраса: «Ұшақты жақсы көремін», – деп **жауап беретін едім**. Аспан әлеміне қызықтым.



Мен Ресей еліндегі Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін (1969) бітірген соң арманым **жақындай бастадым**. Алдымен ұшқыш, одан кейін звено командирі болып қызмет атқардым. 1975-1976 жылдары Мәскеудегі авиация институтында оқыдым. 1990 жылы мен ғарышқа ұшу туралы ұсыныс алдым. Сөйтіп 1991 жылы Ю.А. Гагарин атындағы Ғарышкерлерді дайындайтын орталықта жаттығуды бастадым. Осы жылы 2-қазанда мен ғарышқа Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ұштым. Мен осылай ғарышкер атандым. Ғарышкемемен жер шарын айналып шығу ғылым үшін өте маңызды. Жас ұландарды ғарышкер болуға шақырамын.

Оқыық және жауап берейік

3. Сұрақтарға мәтіннен жауап тауып айт.

Тоқтар ағаның ұшқыш болу арманы неден басталды?

Ғарышкердің есінде қалған ең тамаша сәті қай кез еді?

Тоқтар Әубәкіровтің арманы қашан орындала бастады?

Ғарышкер ғарышқа қашан және қай жерден ұшты?

Жаңа сөз үйренейік



марапат



марапаттау



айналу

Ойланайық

4. Көп нүктенің орнына керекті сөздердің бірін қойып оқы.

Керекті сөздер: батыл, марапаттау, марапат, айналу.

Тоқтар Әубәкіровке Елбасы өз қолынан ... сыйлықтарын ұсынды. Оған Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы атағын берді.

Жаттығу кезінде ғарышкерге көп ... керек. Бұл оны ғарыштағы салмақсыздыққа дайындайды.

Жүргізуші ғарышкерлерді ... үшін сахнаға шақырды.

«Өз арманыңа жеткің келсе, ... бол», – дейді Тоқтар аға.

Сен білесің бе?

Тоқтар Әубәкіров 1988 жылы тұңғыш рет әуеде ұшаққа 2 рет жанармай құйдырып, ұшу сапарын тоқтатпай батыл әрекет етеді. 1989 жылы 1-ші болып авиатасушы крейсердің алаңқайына «МиГ-29К» реактивті ұшағын қондырды. Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. Оған осы батылдығы үшін 1988 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Ал 1995 жылы Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы атағын алды.

тұңғыш рет – бірінші рет
әуеде – аспанда
ұшу сапарын тоқтатпай – жерге қондырмай

Сөйлесейік

5. Сұрақтарға жауап бер.

Батыл әрекет жасаған кезің болды ма?

Ғарышкерлер жаттығу кезінде неліктен айналады?

! Есте сақтайық

Батыл, батыр – мәндес сөздер.

110

Талғат Мұсабаев

Т. Мұсабаев туралы мәлімет аласың.
Мәндес сөздерді іздеп табуға үйренесің.
Жаңа сөздермен танысасың.

- әуе
- құпия
- жымыңдау



Сәлем достар! Міне, мен атақты ғарышкер, батыр Талғат Мұсабаевтың туған жеріне бара жатырмын. Жол ұзақ. Сендер маған өлең оқыңдар.

Оқиық

1. Өлеңді түсініп оқы.

Ұшқыш болам

Көкке ұшамын,
Ұшқыш болар баламын.
Соңына ерем
Мұсабаевтай ағаның.
Батыр болам –
Көк **аспанды** сүйемін.
Жұлдыздарға
Барып-келіп жүремін.

Т. Молдағалиев



2. Берілген сөздерге мәндес сөздер тауып айт.

көк

батыр

құпия

жымыңдау

батыл


белгісіз

аспан

жанып-сөну

Ойланайық

3. Сөздерді тиісті үйге орналастыр.



Жаттығайық

4. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрап айт.

Үлгі: жарық жұлдыз, жымыңдаған жұлдыз, жарқыраған жұлдыз, құпия жұлдыз.

жұлдыз

әуе

кеме

батыл

! Есте сақтайық

Сөз	Сөз тіркестері
жұлдыз	Жарық жұлдыз, жарқыраған жұлдыз, жақын жұлдыз, алыс жұлдыз, кішкентай жұлдыз, үлкен жұлдыз, құпия жұлдыз, сиқырлы жұлдыз, танымал жұлдыз, белгісіз жұлдыз, жымыңдаған жұлдыз.

Сөйлесейік

5. Берілген сандарға қарап, Т. Мұсабаев туралы болжам жаса.

309

07.01.

58

1951

2001

30

Оқиық

6. Мәтінді түсініп оқы.



Талғат Мұсабаев – қазақтың екінші, әлемнің 309-шы ғарышкері. Ол бір ай ішінде бес рет (30 сағат 8 минут) ашық ғарышта болған сапары үшін Гиннестің рекордтар кітабына енген. 2001 жылғы сапарында Талғат алғашқы ғарышкер-турист Деннис Титомен бірге ұшады. Ғарышта Титоның денсаулығы нашарлап, оған екпе салады. Стансыда басын жаралап алған кезде емдеп, тігеді. Осыдан кейін Талғат Мұсабаев ғарышкерлер арасында «ғарыш хирургі» деген атқа ие болады. Ашық ғарышқа шыққанда кемеге бекітетін тетік ажырап кетеді. Кемеден алыстай түсіп, енді оралмастай болған жағдайда, таңғажайып күш оны құтқарып қалады. Солайша ғарышкер аман қалады.

А. Құмырзақұлы

Сұрақ құрайық

7. Мәтінді қайталап оқы. Мәтін бойынша сұрақ құра.

Үлгі: Талғат Мұсабаев қай жерде дүниеге келді?

111


Айдын Айымбетов

Айдын Айымбетов туралы оқысың.
Кіммен? немен? сұрақтарын қолдануды
 үйренесің.

- шөп шабу
- жарқырау

Тыңдайық

1. Суретте кім бейнеленген? Сөздер мен сөз тіркестерін пайдалан және әңгімеле.



Ойланайық

2. Суретке қара. Әке мен бала не туралы сөйлесіп жатыр? Болжап көр.



Оқиық

3. Мәтінді түсініп оқы. Мазмұнын айт.

Бала кезден бергі арманым еді...

Ғарышкер болу – бала кезден бергі арманым. Мынадай бір оқиғаны айтып берейін. Бірде біз әкем екеуіміз шөп шабуға бардық. Шөптің үстінде жұлдыздарды тамашалап жаттық. Бір кезде жарқыраған бір нәрсе түнгі аспанды қақ жарып ұшып өтті. Маған оның не екені қызықты болды, сөйтіп әкемнен сұрадым. Ол маған зымыран туралы айтып берді. Сол сәттен бастап менің жұлдыздарға, ғарышқа қызығушылығым оянды. Осылайша мен ғарыш әлеміне келдім.

Оқиық және жауап берейік

4. Сұрақтарға мәтіннен жауап тап.

Айдын әкесімен қайда барады?

Аспанды не қақ жарып ұшты?

Әкесі Айдынға не туралы айтып береді?

Көрсетейік және айтайық

5. Үлгі бойынша сөйлем құрап айт.

Үлгі: Айдын Айымбетов ғарышқа зымыранмен ұшты.



Кіммен?

Немен?



Сөйлесейік

6. Сурет орнына сөздерді қойып оқы.

1.



– қазақ ғарышкері.

2. Ол



болуды армандаған.

3. Ол



алтын медальға бітірді.

4. Ол



туралы оқыды.

5. Ол



2015 жылы ұшты.

Оқыық және жауап берейік

7. Сұрақтарға жауап бер.

1. А. Айымбетовтің мамандығы – кім?

2. Ол қандай училищені бітірді?

3. Өзің болашақта кім болғың келеді?

112

Қайталау

Ғарыш тақырыбына қатысты сөздердің жазылуын білемін.

1. а) Суретпен байланысты сөзді анықта, толықтырып айт және жаз.



Ғ...



З...




С...



М...

ә) Сөзжұмбақты шеш.

1. Байқап көру жұмыстары
2. Қазақ ғарышкерінің есімі
3. Ғарышқа ұшатын техника
4. Ғарышқа ұшатын адам




Үйренген жаңа сөздерді қолдана аламын.

2. Сәйкес сөзді анықта. Сұрақтарға толық жауап бер.

Тоқтар, Талғат, Айдын қайда ұшты?	сынақ
Ғарышкерлер ғарышқа немен ұшты?	марапаттайды
Ғарышта не өткізіледі?	зымыранмен
Ғарышкерлерге қандай құрмет көрсетіледі?	ғарышқа

Постер құрастыруды білемін.

3. Бақыттың постеріне қара. Өз идеяңды қос.



Ғарыш туралы мәтінді тыңдап, түсіне аламын.

4. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Ғарышкер де – ұшқыш сияқты батыл адам. Біреуі әуеде ұшақпен ұшады. Енді біреуі ғарыш әлемінің құпияларын ашқысы келеді. Олар арнайы дайындалады, жаттығады. Мен де өскенде ғарышкер боламын. Жарқыраған жұлдыздар маған да жымыңдап, сәтті сапар тілейді. Мен марапат алуды ойламаймын. Мен үшін арманымның орындалғаны маңызды болмақ. Міне, Бақыттың арманы – осы.

Сұрақтарға жауап бере аламын.

1. Кім ұшқыш сияқты батыл болуы керек?
2. Кім әуеде ұшақпен ұшады?
3. Кім ғарыш әлемінің құпиясын ашқысы келеді?
4. Кім өскенде ғарышкер болғысы келеді?

113

Шарға ұқсас денелер

Ғаламшар туралы қызықты мәлімет оқысың.
Ғаламшардың сыртқы сипатын айтып бере аласың.

- ғаламшар
- дөңгелек
- ұқсас



Балалар, менде ғаламшар туралы кітап бар. Бұл кітапта ғаламшарлар туралы көп мәлімет берілген. Келіңдер, бірге оқиық!

Оқиық

1. Мәтінді түсініп оқы.

Құрметті оқырман!

Бұл кітап ғарыш әлемінің құпиясын ашады. Ғарыш туралы көп мәлімет береді. Алдымен «ғаламшар» сөзінің мағынасын түсініп алайық. «Ғаламшар» сөзі екі сөзден құралған. «Ғалам» сөзі «әлем» сөзімен мәндес болып келеді. «Шар» сөзінің мағынасын білесіңдер. Ол дөңгелек және ұшып жүреді. Ғалымдар ғарышта пішіні дөңгелек, шарға ұқсас денелер бар екенін анықтады. Сол денелер – ғаламшарлар. Олардың арасында «Жер» ғаламшары да бар. Міне, қызық! Жер де айналып жүретін көрінеді. Біз оны байқамаймыз.

Анықтайық

Қарсы мағыналы сөздерді сәйкестендір.		Мәндес сөздерді сәйкестендір.	
дөңгелек	өзге	мәлімет	ғалам
ұқсас	сопақ	әлем	ақпарат

Ойланайық

2. Кестеден дұрыс жауапты таңда.

а) Адам белгілі бір нәрсе туралы хабарлайды.

ә) Адам өзінің пікірін білдіреді.

б) Адам белгілі бір затты сипаттайды.

1	Ғарышкерлер ғарышайлағына келді.	а)
2	Ғарышта уақыт тез өтеді.	
3	Менің ойымша, болашақта ғаламшарларда өмір сүруге болады.	
4	Мен ғарышкерлерді батыл адамдар деп ойлаймын.	
5	Ғаламшарлардың пішіні дөңгелек, шар сияқты болып келеді.	
6	Аспанда зымыран ұшып бара жатыр.	
7	Кейбір ғаламшарлар шарға ұқсас болады.	

! Есте сақтайық

Адам белгілі бір нәрсені хабарлап айтса, өз пікірін білдірсе, белгілі бір орынды сипаттаса, сөйлемнің соңына нүкте қойылады.

Нүкте

Нүкте деген білгенге

Жай ғана бір ноқат па?

Жоқ онсыз сөйлем де,

Жоқ өлең де, жоқ хат та!

Қ. Мырза Әли

Оқыық


3. Сөйлемдерді оқы. Сөйлем соңындағы нүктенің қойылуын түсіндір.

1. Ғарышкеме – адамның ұшуына арналған ғарыштық аппарат.
2. Байқоңыр – әлемдегі ең ірі ғарышайлақ.
3. Ғарышқа ұшудан бұрын ғарышкерлер көп жаттығады.
4. Менің ойымша, ғарышты зерттеу өте маңызды.
5. Тоқтар, Талғат, Айдын – ғарышкер ағаларымыз.

Көрсетейік және айтайық

4. Ғаламшарлар неге ұқсайды?

Үлгі: Ғаламшарлар допқа ұқсайды. ...



114

Ғаламшарлар

Ғаламшарлар атауымен танысасың.

- ғаламшар
- телескоп
- ірі
- ұсақ

Ойланайық

1. Суреттерді атауымен сәйкестендіріп айт.

зымыран

ғаламшар

аспан

телескоп



Тыңдайық

2. Балалар не туралы сөйлесті?



Айсана: Сәлем, Қуаныш, туған күнің құтты болсын!

Қуаныш: Рақмет! Бақыт екеуің маған келіңдер. Әкем телескоп сыйлады. Ғаламшарларды қараймыз.

Айсана: Керемет сыйлық! Қазір Бақытқа айтамын.

Қуаныш: Алақай! Менің достарым келеді!

Анықтайық

3. Сұрақтарға жауап айт.

Диалогке қатысқан оқушылардың көңіл күйі қандай?
Қарамен берілген сөйлемдер соңына неліктен леп белгісі қойылды?

! Есте сақтайық

Бұйыру	Тұр! Бері кел!
Таңғалу, сүйсіну, қуану	Керемет! Өте әдемі! Қалай жарқырайды! Алақай!
Үндеу, ұран айту	Алға, Қазақстан! Жасасын, Қазақстан!

Жаттығайық

4. а) Сөйлемдердің соңына (.) немесе (!) қой.

1. Алақай, ғаламшар туралы фильм көреміз ☐

2. Әкем маған телескоп сыйлады ☐

3. Ана жұлдызды қара, неткен жарық ☐

4. Ғарышкер ағалар жасасын ☐

ә) Диалог құра. Көңіл күйді білдіретін сөйлемдерді қатыстыр.

Үлгі:

Қуаныш: **Алақай!**

Анасы: Не болды, балам?

Қуаныш: **Алақай! Қатты қуанып тұрмын!**

Анасы: Неге қуанып тұрасың?

Қуаныш: Әкем туылған күніме телескоп сыйлады емес пе? Енді ғаламшарларды зерттеймін.

Анасы: **Құтты болсын!** Әкеңе алғыс айттың ба?

Қуаныш: **Әкешіме мың алғыс!**

Көрсетейік және айтайық

5. Сөйлемдерді оқы. Суреттен ғаламшарларды тап.

1. Күнге ең жақын тұрған ғаламшар – Меркурий.
2. Күнді санамағанда екінші тұрған ғаламшар – Шолпан.
3. Шолпаннан кейін Жер ғаламшары тұр.
4. Төртінші тұрған ғаламшар – Қызылжұлдыз (Марс).
5. Күнді санамағанда бесінші тұрған – Есекқырған (Юпитер).
6. Күнге біраз алыс тұрған алтыншы ғаламшар – Қоңырқай (Сатурн).
7. Уран Күннен алыс орналасқан. Ол жетінші болып тұр.
8. Күннен ең алыс тұрған ғаламшар – Нептун.



Жазайық

6. Суретті қайта пайдалан. Ең үлкен және ең кіші ғаламшарларды жаз.

Сөйлесейік

7. Сұрақтарға жауап бер.

Қай ғаламшарлар ірі? Қай ғаламшарлар кішірек?

Күнге қай ғаламшарлар жақын орналасқан? Ғаламшарлардың қайсысы Күннен алыс орналасқан?

115

Мен астроном боламын

Астрономия ғылымымен байланысты сөздермен танысасың. Өлеңнің жанрлық ерекшелігі туралы білесің.

- астроном
- ғылым
- тартылыс күші
- тозаң
- кеңістік

Көрсетейік және айтайық

1. Суретке қара. Ғаламшарларды атап бер. Кеңістікте ғаламшарлардан басқа тағы нелер бар? Болжап айт.



Жаңа сөз үйренейік

Ғаламшарлар әлемі, орналасқан аймағы	кеңістік
Ғаламшарларды зерттейтін адам	астроном
Ғаламшарлардың айналасында болатын ұсақ денелер	тозаң
Ғаламшарлардың өзгерісін бақылау, салыстыру, жазу жұмыстары	зерттеу
Ғаламшарларды Күннің магнит сияқты өзіне тартуы	тартылыс күші

Сен білесің бе?

Аспан әлемін, ғаламшарды зерттейтін адамды астроном деп атайды. Астрономдардың айтуынша, Жер ғаламшары Күннің айналасындағы газ және тозаңдардан пайда болған. Ал «Күннің тартылыс күшінен кеңістікте ғаламшарлар пайда болған» деген болжам бар.

Газ-тозаң іріктеліп, олардың жеңіл элементтері Күн сәулесінің қысымымен одан әрірек орналасады. Ал біршама ауырлары Күнге жақын орналасқан.

Оқиық

2. Өлеңді мәнерлеп оқы. Түсінгеніңді айтып бер.

Мен астроном боламын

Білімін жиып ғаламның
Мен астроном боламын.
Ғаламшарлар әлемін
Зерттеу – менің қалауым.

Білімін жиып ғаламның
Мен астроном боламын.
Арманымның жолында
Көтерем ғылым жалауын.

Н. Дәулеткереева



Оқиық және жауап берейік

3. Сұрақтарға жауап бер.

Өлең неше шумақтан тұрады?

Өлеңнің әр шумағында неше жол бар?

Өлеңнің әр жолында неше буын бар?

Ойланайық

4. Өлеңді қайталап оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Өлең кім туралы?

Астроном болу үшін не істеу керек?

Астроном адамдар немен айналысады?

Астрономдар неліктен ғаламшарларды зерттейді?

Өлеңдегі кейіпкер алдына қандай мақсат қойды?

116

Ғаламшар сипаты

Ғаламшарларды бір-бірінен ажыратып үйренесің.
Қазақ тіліндегі қосымшаларды қайталайсың.

- Күн жүйесі
- түзу

Ойланайық


1. Сөзжұмбақты шеш.

Тігінен:

1. Күннен кейін алтыншы тұрған ғаламшар.
2. Күннен кейін жетінші тұрған ғаламшар.
3. Жарқыраған ең ыстық жұлдыз.

Көлденеңінен:

1. Ғаламшарларды зерттейтін ғалым.
2. Ғаламшарлардың орналасқан аймағы.
3. Күнге ең жақын тұрған ғаламшар.



Көрсетейік және айтайық

2. Фотосуретке қара. Күн жүйесіндегі ғаламшарлар неге ұқсайды?



Меніңше, ғаламшарлар сымға таққан моншақтар сияқты.



Меніңше, ғаламшарлар түзу сызық бойымен келе жатқан мәшине сияқты.



Оқиық

3. Мәтінді түсініп оқы. Не туралы екенін айт.

Күн жүйесінде орналасқан ғаламшарларды алыстан телескоппен бақыладым. Міне, қызық! Күннің айналасында ғаламшарлар түзу сызық бойымен Күнді айналады. Олар сымдағы дөңгелек моншаққа да ұқсайды. Меркурий мен Шолпанды жерден бақылау өте қиын.



Астрономдардың зерттеуінше, ғаламшарлар туралы мынадай мәліметтер бар:

- Қоңырқайдың шамамен 60 серігі бар. Ол – ең күрделі сақиналары бар ғаламшар.
- Жердің табиғи серігі – Ай.
- Ең қызығы, Шолпан барлық ғаламшарлар айналатын жаққа кері айналады. Шолпан – Күн мен Айдан кейінгі ең жарық ғаламшар.

Оқыық және жауап берейік

4. Сөйлемдерді оқы, толықтырып жаз.

1. Ғаламшарлар түзу сызық бойымен ... (нені?) айналады.
2. Олар сымға таққан дөңгелек ... (неге?) да ұқсайды.
3. ... (ненің?) шамамен 60 серігі бар.
4. ... (ненің?) табиғи серігі – Ай.
5. Күн ... (нені?) тәулігіне бір рет айналып шығады.
6. Шолпан басқа ... (неге?) қарсы айналады.

Жаттығайық

5. а) Төменде берілген сұрақтарға жауап болатын сөздерді мәтіннен теріп жаз.

Кім? Не?	Кімнің? Ненің?	Кімге? Неге?	Кімді? Нені?	Кімде? Неде? Қайда?	Кімнен? Неден? Қайдан?	Кім-мен? Немен?
Меркурий						

ә) Берілген сөздерге қосымша жалғап жаз.

Кім? Не?	Кімнің? Ненің?	Кімге? Неге?	Кімді? Нені?	Кімде? Неде? Қайда?	Кімнен? Неден? Қайдан?	Кім-мен? Немен?
шаң	шаң-ның	шаңға	шаңды	шаңда	шаңнан	шаң-мен

Ғаламшар, кеңістік, телескоп, ғылым, тозаң.

117


Қызылжұлдызға (Марсқа) саяхат

Қызылжұлдыз туралы мәтін тыңдайсың.

- шұңқыр
- қатпар

Көрсетейік және айтайық

1. Суретке қара. Ғаламшарлардың атауын айт.



Ізденейік

2. Қызылжұлдыз ғаламшары туралы мәлімет ізде.


1. Ғаламшар **не себепті** Қызылжұлдыз аталған?
2. Қызылжұлдыз Жерден **қанша** есе кіші?
3. Қызылжұлдызда тау бар **ма**?
4. Қызылжұлдызда су бар **ма**?
5. Қызылжұлдыз ғаламшарында өмір сүруге бола **ма**?

Тыңдайық

3. Диалогті тыңда. Жоғарыдағы сұрақтардың жауабын тексер. Өз жауаптарыңмен салыстыр.



Сөйлесейік

4. Суретке қара. Не көріп тұрғаныңды айтып бер.



Ойлан

5. Сөздер мен суреттерді сәйкестендір.



- қатпар
- шұңқыр
- таулар
- судың орны

Көрсет және айт

6. Жоғарыдағы суретке қайта қара. Заттарды сана.

- Суретте қанша тау бар?
- Суреттегі зерттеушілер саны қанша?
- Суретте қанша әуе көлігі бар?
- Қанша ту орнатылған?
- Қызылжұлдызда қанша жанартау қатпарлары көрінеді?
- Қызылжұлдыздан неше шұңқыр көріп тұрсың?

Жазайық

7. Сандарды сөзбен жаз.

Ойнайық

8. Күн, ай атауларын, жылдарды дұрыс айт. Көршіңнің сандарын парақпен жауып қой.

1-ойыншы	
Тыңда	Сөйле
4-сәуір	2016 жыл
31-тамыз	1956 жыл
Баста	1980 оқушы

2-ойыншы	
Тыңда	Сөйле
1980 оқушы	7-маусым
2016 жыл	16-үй
25-шілде	31-тамыз

3-ойыншы	
Тыңда	Сөйле
7-маусым	4-сәуір
1956 жыл	9-сынып
16-үй	25-шілде

Сен білесің бе?

1997 жылы ең алғаш Қызылжұлдызға геолог-мәшинелер жеткізілген. «Одиссей», «Спирит» атты робот-мәшинелер Қызылжұлдыз туралы алғашқы мәліметтерді суретке түсіріп, Жерге жеткізіп отырды. Қызылжұлдыз – сөнген жанартау қатпары. Ол шұңқыр және таулардан тұрады.



118

Жетіқарақшы

Үркер туралы аңыз оқисың.
Аңызды ертегіден, әңгіме мен өлеңнен
ажырататын боласың.

- Жетіқарақшы
- Үркер
- жоғалу

Сөйлесейік

1. Қуаныштың сұрағына жауап бер.



Достар, сендерге қояр сұрағым бар.
Сендер қандай жұлдыздарды білесіңдер?

Жаңа сөз үйренейік



Жетіқарақшы



Үркер

Балалар, мен сендерге Үркер мен Жеті-
қарақшы туралы аңыз дайындадым. Мен
бұл аңызды атам мен әжемнен естідім.



Анықтайық

2. Суретке қара. Мәтін не туралы деп ойлайсың? Ойыңды айт.



Оқиық

3. Мәтінді түсініп оқы.

Баяғы заманда «Үркер» деген аспан патшасының қызы болыпты. Қыздың есімі – Үлпілдек екен. Үлпілдектің нұры айналаға жарқырап тұрады екен. Үлпілдекті хан нөкерлері күзетіп жүреді.

Бірде Жетіқарақшы Үлпілдекті көріп, ұнатып қалады. Ол Үлпілдекті ұрламақшы болып аңдиды. Бір күні оның жолы бола кетті. Сол күні Үлпілдектің қасында нөкерлері болмай қалған еді. Жетіқарақшы осы сәтті пайдаланып, оны ұрлап әкетеді. Үркер сезіп қалып, нөкерлерімен бірге Жетіқарақшыны қуады. Үркер Жетіқарақшыға жете бергенде, таң атып, Жетіқарақшы жоғалып кетіпті. Бұл жағдай осылайша әр түн сайын қайталаныпты. Шындығында, Жетіқарақшы Темірқазықты айналып, Үркер екеуі бір-біріне жақындай бергенде таң атып кетеді. «Үлпілдекті қарақшыдан құтқару үшін Үркер нөкерлерімен Жетіқарақшыны әлі қуып жүр», – деген сөз осыдан қалған сияқты.

Оқиық және жауап берейік

4. Мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қой.

Үлгі: Аңыз бойынша Үркердің қызы – кім?

Сөйлесейік

5. Сұрақтарға жауап бер.

Оқыған мәтін жанры қандай?
Неліктен?

ертегі

әңгіме

аңыз

өлең

! Есте сақтайық

Ертегі	Аңыз
Ертегі толықтай ойдан құралады. Өмірде болмаған адамдар немесе өмірде болмайтын (дию, ұшқыш кілем) заттар туралы баяндалады.	Аңыз шындыққа жақын болады. Онда өмірде болған зат немесе адам туралы баяндалады.
Ертегіде бірнеше оқиға болады.	Аңызда бір ғана оқиға туралы айтылады.

Сен білесің бе?

6. Мәтінді оқы.

Әдетте Үркердің жай көзбен ең жарық 9 жұлдызын көруге болады. Ал ерекше жағдайда жай көзбен 14 жұлдызға дейін көрінеді. Жұлдыздар шоғыры шамамен 100 миллион жыл бұрын қалыптасқан екен. Ұсақ тозаңдардан құралған тұмандық жарық жұлдыздар шоғырының төңірегін айнала ұшып жүреді. Ғалымдардың айтуынша, тозаңдар Үркердің қалыптасқан кезінен қалған.

Ойланайық

7. Мақалды көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

Жетіқарақшыны таныған – жеті түнде адаспас.

119

Оның қалауын білемін

Арманыңды, тілегіңді жазып үйренесің.

Балалар, сендер көп уақыт бізбен бірге болдыңдар. Біз туралы көп білетін шығарсыңдар?! Ендеше, біздер туралы не білдіңдер? Айтып беріңдерші.



Анықтайық

1. Әр оқушының қалауы не екенін анықта, стикермен белгіле.

	Бақыт	Айсана	Қуаныш
Жұлдыздарды көргім келеді.			+
Ұшаққа мінгім келеді.		+	
Саяхаттағым келеді.			
Телескоп алғым келеді.			
Шет мемлекеттерді көргім келеді.			
Ғаламшарларда болғым келеді.			
Ғарышкерлердің ғарышкесін көргім келеді.			
Зымыранды көргім келеді.			
Ғарышайлағына барғым келеді.			
Аққан жұлдыздарды тамашалағым келеді.			

Сөйлесейік

2. Кестедегі мәліметті қолданып, балалар туралы айтып бер. Ұсынылған үлгіні пайдалан. Үлгі:

Менің білуімше,
Бақыт болашақта
ғарышкер болғысы
келеді.

Менің білуім-
ше, Қуаныш
астроном бол-
ғысы келеді.

Айсананың айту-
ынша, ол ұшқыш
болғысы келеді.

Жазайық

3. Өз арманың туралы жаз. Көршіңмен жазба жұмысыңды ауыстыр. Қатесін қарындашпен тексер.

Үлгі:

Менің арманым

*Мен өскенде ұшқыш болғым келеді. Ұшқыш болсам,
мен ата-анамды қыдыртатын. Мен математиканы,
суретті, шет тілдерін терең оқығым келеді. Өз
мамандығымды жақсы меңгеру үшін бұл пәндер өте
қажет.*

Сөйлесейік

4. Көршіңнің жазба жұмысын өзіне көрсет. Қателерін түсіндір. Өз жазба жұмысың туралы тыңда.



Ізден


5. Алған біліміңді еске түсір. Қатемен жұмыс жаса. Жазба жұмысыңды өңде, толықтыр. Таза бетке көшіріп жаз.

120

Қайталау

Ғарыш тақырыбы бойынша жаңа сөздерді меңгердім.

1. а) Суреттің атауын жаз.



ә) Сөз бен оның түсіндірмесін сәйкестендіріп оқы.

1. Мәзір	а) 1000 метрдің басқаша атауы
2. Шақырым	ә) Ғарышкерлерге арналған тағамдар тізімі
3. Марапат	б) Ғарышкер тағамын салатын арнайы құты немесе ыдыс
4. Оралу	в) Елі үшін еңбек еткен адамға берілетін атақ немесе сый
5. Сықпа	г) Бастапқы ұшу нүктесіне қайтып келу

Қарсы мәндес сөздерді қолдана білемін.

2. Берілген сөздерге қарсы мәндес сөздерді айт. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

Жеңіл, жақын, кең, қысқа, аласа.

Күн жүйесіндегі ғаламшарларды ажыратамын және сипаттап бере аламын.

3. Ғаламшарларға сипаттама бер.

			
Қызылжұлдыздың түсі қызыл болады. Ол ... ұқсайды.			

Ғаламшарлар туралы аңыз, ертегілерді білемін. Аңыз бен ертегіні ажырата аламын.

4. Мәтінді оқы. Бұл ертегі ме әлде аңыз ба? Ажыратып айт.

Ай мен Күн

Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі сұлу қызы болыпты. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға: «Мен сенен де сұлумын!» – дейді. Ал Айсұлу болса: «Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлумын!» – деп тала-сады. Ақыр аяғында қатты ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлудың тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана далаға шығады. Ал өз қылығынан қатты ұялған Күнсұлу түн болғанда бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу бірін-бірі көрмейді екен.



Мәтінді тыңдап, оны жаза аламын.

5. Көршіңе диктантты оқы және жазғанын тексер.

Ғарыш, ғаламшар тақырыбы біздер үшін өте қызықты. Қазіргі кезде ғылым мен техника жақсы дамыған. Ғалымдардың көмегімен ғарышкеме жасалды. Ғарышкерлер әуеде, ғарыш кеңістігінде еркін қозғалуы және зерттеу жүргізуі үшін киім мен тағамдар ойлап табылды. Үлкейткіш құралдардың көмегімен астроном ғалымдар ғаламшарларды Жерден бақылай алады.

Оқыған мәтін бойынша сұрақ құрастыра аламын.

6. Диктант мәтіні бойынша 3 сұрақ құрап жаз.

121

Сиқырлы қорап

Жаңа сөздермен танысасың.
Оқиғаны болжап үйренесің.

- ақырын
- басқа
- қорап
- кілт

Ойланайық

а) Суреттерге қара. Мына адамдар туралы не айта аласың?



Талғат



Тілеухан



Санжар



Азамат


ә) Сөйлемдерді оқы. Кім туралы айтылғанын анықта.

1. Ол кітап оқығанды жақсы көреді.
2. Ол футбол ойнағанды жақсы көреді.
3. Ол скейтборд тепкенді жақсы көреді.
4. Ол – Азамат пен Санжардың сыныптасы.
5. Тілеухан ол кісіні: «Көрші», – дейді.

Жаңа сөз үйренейік



қорап



басқа



кілт



ақырын

Жаттығайық

1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз.

1. ... қорапта тұр. 2. Бұл ... емес, басқасы керек. 3. ..., қорап құлайды! 4. Мынадан ... кілт керек.

Керекті сөздер: қорап, ақырын, кілт, үлкен.

Болжайық

2. Төмендегі суреттерге қара. Оқитын әңгіменің мазмұнын болжап айт. Ұсынылған үлгіні қолдан.

Үлгі:

Менің ойымша,
әңгіме ... туралы.

Әңгімеде ... кейіпкер-
лер бар.

Оқиға ... туралы
болды.

Олар ...

Оқиық

4. Мәтінді түсініп оқы.

Тілеухан:

– Ассалаумағалайкүм,
көрші аға! Сізге көмек
керек пе?

Көрші ағай (Талғат):

– Уағалайкүмассалам! Иә,
келе ғой. Көмегің керек.
Анау тұрған көк қорапты
алып келші.

– Міне, мынау ма?

– Иә, сол.

– Қораптан 25-ші кілтті алып
берші.

– Ішінде еш нәрсе жоқ.

– Қалай жоқ? Қап, қайда қойдым?!

– Мен онда үйге барып келейін.

Әкемнің кілтін әкелемін.



- Сәлем!
- Сәлем!
- Қайдан келесің?
- Үйден кілт алып келемін. Көрші ағай сұрап жатыр.
- Біз де бірге барайық.



3

- Мен тағы көмекшілер ертіп келдім.
- Қош келдіңдер! Бос жүрсеңдер, мына жерді жинауға көмектесе қойыңдар.
- Жақсы.
- Тек заттарды ақырын қозғаңдар.



4

Азамат: Мынау не болды екен?
Санжар: Пішіні өзгеше.
Азамат: Ашып көрейік.



5

Тілеухан: Не болды?
Санжар: Не боп жатыр?
Көрші ағай: Абайла, қорапты ашпаңдар ...



6

Оқыық және жауап берейік

5. Сұрақтарға жауап бер. Суреттен тауып көрсет.
- Тілеуханның көршісінің аты – кім?
- Санжар мен Азамат – кімнің достары?
- Қорапты кім ашты?
- Әрі қарай оқиға қалай жалғасады? Болжап айт.

122

Болашақтың мектебі

Жаңа сөздермен танысасың.
Оқиғаны болжап үйренесің.

- жақында
- шетел
- бірнеше
- меңгеру
- заман
- озық

Сөйлесейік

1. Балалар қайда тап болды?



Жаңа сөз үйренейік

Жаңа сөздер	Сөздердің түсіндірмесі	Мысалдар
бірнеше (оқушы)	4-5 немесе 5-6 (оқушы)	Аулада бірнеше оқушы ойнап жүр. Аулада 5-6 оқушы ойнап жүр.
меңгеру	үйрену	Мен шет тілді меңгергім келеді. Мен шет тілді үйренгім келеді.
заман	уақыт	Қазір компьютердің заманы . Қазір компьютердің уақыты .
озық	ең жаңа, үздік	Біз озық техниканы ғана қолданамыз. Біз ең жаңа әрі үздік техниканы қолданамыз.
шетел	өзге ел	Шетелді көріп келдім. Өзге елді көріп келдім.

Жаттығайық

2. Сөйлемдерді өзгертіп жаз.

1. Мен **шет тілде** сөйлей алмаймын.
2. Мен бірнеше шет тілді **меңгергім келеді**.
3. Біздің мектепте **ең соңғы үлгідегі** техникалар қолданылады.
4. Үйдің қасына **жақындау** керек.
5. Мектеп алдында **бірнеше** оқушы тұр.

Тыңдайық

3. Мәтінді тыңда. Не туралы екенін айт. Өзің құраған мәтінмен салыстыр. Таныс емес сөздерді теріп жаз. Мағынасын көршіңмен талқыла.

... Біз 2070 жылға тап болыппыз. Бізге бірнеше оқушы жақындап келді. Бізбен танысты. Олар бізді өз мектептеріне алып барды. Олардың мектептері біздің мектептерден өзгеше. Әр оқушы мектепте кем дегенде 7 елдің тілін меңгереді екен. Мектептері озық техникамен жабдықталған.



Оқушылар сабақты тек электронды және кәдімгі біздікіндей оқулықтармен оқиды екен. Оқушы қалаған пәнді ғана оқи алады. Мектеп формалары да басқа. Ұлттық үлгіде тігілген. Ең жақсы жаңалық – қазақ тілі **халықаралық тіл** дәрежесін алыпты.

Біз өзімізге жаңа дос таптық. Оның есімі – Сұңғат. Ол ертең бізбен бірге қаланы аралайды.

Тыңдайық және жауап берейік

4. Кестеде берілген сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріп айт.

Оқушы мектепте кем дегенде 7 елдің тілін меңгереді екен.	«Қорапты ашпаңдар», – деп айтқан кім?	Көрші ағай: «Абайла!» – деп айтты.
Болашақтың мектебінде оқушылар қанша тілді меңгереді екен?	Болашаққа тап болыпты.	Олар қайда тап болды?
Ою-өрнектермен безендірілген.	Болашақтың оқулықтары қандай?	Оқушылар планшет қолданады.
Мектеп формасы қандай?	Оқушылар қалаған пәнді оқиды.	Сабақтар қалай оқытылады?
Халықаралық тіл дәрежесін алыпты.	Қазақ тілі қандай дәреже алған?	Сұңғат есімді ұл бала.
Болашақта мектептер қалай жабдықталады?	Озық техникамен жабдықталған.	Көрші ағай не айтты?

Сөйлесейік

5. Болашақтың мектебі туралы айтып бер.

123**Менің қиялымдағы мектеп**

Өз қиялыңды ауызша және жазбаша жеткізе аласың.

• ақпарат

Жаттығайық

1. Сөйлемдерді салыстыр. Мәндес сөздерді қолданып, өз мысалыңды айт.

... қажет	... керек
Мектепте смарт тақта болуы қажет.	Мектепте смарт тақта болуы керек.
Мектепте ең озық үлгідегі компьютерлер болуы қажет.	Мектепте ең озық үлгідегі компьютерлер болуы керек.
Әр сыныпта 15-20 оқушы отыруы қажет.	Әр сыныпта 15-20 оқушы отыруы керек.
Мектептің жанында саябақ болуы қажет.	Мектептің жанында саябақ болуы керек.

Сөйлесейік

2. Жаңа заманның мектебі қандай болу керек? Өз ойыңды айтып бер. Жоспарды басшылыққа ал. Тілдік құрылымдарды қолдан.

Менің ойымша, жаңа заман мектебінің ғимараты өте әдемі болуы керек.

Менің ойымша, жаңа заман мектебінде ең озық техника болуы қажет.

Жоспар:

- Ғимараты
- Сыныбы
- Оқу-құралдары
- Пәндері



Тілдік құрылымдар

... қажет
... керек

... болғанын қалаймын
... әйнектен жасалуы керек

... көргім келеді
... білгім келеді

Оқиық

3. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Үлгі:



Мен болашақта мектебімнің өзгергенін қалаймын. Мысалы, мектептің ғимараты әйнектен болуы керек. Әсіресе сыныптардың іші жарық болуы үшін мектептің төбесі әйнектен жасалуы қажет. Сондай-ақ мектептің ішінде озық техника болғанын қалаймын. Менің ойымша, сыныпта 10-15 оқушы болуы керек. Пәндерді таңдап оқығым келеді.

Оқиық және жауап берейік

4. Мәтіннің мазмұнын кестеге сәйкес тексер. Жауаптарды стикермен белгіле.

Сұрақтар	иә	жоқ
Мектеп ғимараты туралы мәлімет бар ма?		
Мектептің сыныптары туралы ақпарат бар ма?		
Оқушы оқу құралдары туралы жазған ба?		
Мектепте оқытылатын пәндер туралы ақпарат бар ма?		
Оқушы қажет және керек сөздерін қолданған ба?		
Жазылымда ғы/гі/қы/кі + келеді құрылымы бар ма?		

! Есте сақтайық

Мәлімет, ақпарат – өзара мәндес сөздер.

Ойланайық

5. Өз қиялыңдағы мектепті елестет. Суретін салып көр.

Жазайық

6. Қиялыңдағы мектеп туралы жаз. Суреттерді басшылыққа ал. Тілдік құрылымдарды қолдан.

Жазылым соңында өзіңді тексер және бағала.

Қиялымдағы мектебім



124

Заманауи көлік

Заттарды салыстырып айтуды және жазуды үйренесің.

- заманауи
- сапалы
- қуатталады

Оқиық

1. Суреттерге қара. Балалардың сөзін оқы.

Мынау – қандай көлік?
Ұшақ па әлде мәшине
ме? Пішіні өзге. Дөңгелектері де ерекше.

Бұл – ұшатын мәшине. Баратын
жерімізге 5 секундта жеткізеді. Өте
ыңғайлы, жылдам және заманауи.
Бұл мәшинелер тоқпен қуатталады.
Өте сапалы. Ең бастысы, қауіпсіз.



Ойланайық

2. а) Суреттегі балалардың әңгімесінен *қандай?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап. Тізіп жаз.

ә) Сөздерге қосымшалардың бірін жалғап айт.

-ырақ
-ірек

-рақ
-рек

-лау
-леу

-дау
-деу

-тау
-теу

Жаттығайық

3. Көп нүктенің орнына **-ырақ, -ірек, -рақ, -рек** қосымшаларының тиістісін қойып оқы.

1. Бұл мәшине ыңғайлы... .

2. Бұрынғы заман көліктеріне қарағанда жылдам... .

3. Дөңгелектері жақсы... .

4. Озық технологияларды пайдаланып жасағандықтан қауіпсіз... .

5. Мәшиненің дөңгелектері үлкен... .

! Есте сақтайық

Дөңгелек сөзі пішін мағынасында және көліктің бөлшегі мағынасында қолданылады.

Сөйлесейік

4. Екі суретті салыстырып сипаттап бер. Үлгіні қолдан.

Үлгі: Көрші ағайдың көлігі Сұңғаттың көлігіне қарағанда ескілеу.



Жазайық

5. а) Көліктерді сипаттауға қатысты тағы қандай сөздерді қолданар едің? Керекті сөздерді пайдаланып сөйле.

Керекті сөздер: сәнді, қауіпсіз, жаңа, ескі, заманауи, ыңғайлы, жылдам, қауіпті, таза, пайдалы, мықты, сапалы, озық үлгіде, Күннен қуат алады.



ә) Туыстарыңның көліктерін салыстырып жаз.

Үлгі: Ағамның көлігі әкемнің көлігіне қарағанда жаңарақ. Әкемнің көлігі 2010 жылғы, ...

125

Сиқырлы доп

Болашақта футбол добы немен ерекшеленетінін білесің.

- сұйық
- атқару

Көрсетейік және айтайық

1. Оқиғаны болжа. Балалар қайда бара жатыр? Олар не нәрсеге таңғалуы мүмкін?





Жаңа сөз үйренейік

Бұл – су. Ол сұйық.



Бұлар – **сұйық** заттар.

Жаттығайық

2. Жаңылтпашты оқы.
Өз жаңылтпашыңды құра.

Мен суық су іштім,
Сен сұйық су іштің.



Тыңдайық

3. Тыңда және жүргізіп оқы.



Мынау – доп. Бұл доптың ішінде сұйық зат бар. Балалар доп ойнаған кезде ол қатты затқа айналады. Балалар футбол ойнап болған соң, допты ашып, қатты затты ішінен алып шығады. Бұл зат жарыққа айналып, қараңғы бөлмеде шам қызметін атқара алады. Бұл – энергия үнемдеу үшін өте тиімді нәрсе.

Тыңдайық және жауап берейік

4. Мәтінді тыңда. Дұрыс немесе бұрыс жауапты анықта. Стикермен белгіле.

	дұрыс	бұрыс
Доптың ішіне сұйық зат құйылады.		
Балалар доп ойнаған кезде ол қатты затқа айналады.		
Футбол ойнап болған соң, балалар допты лақтырып тастайды.		
Доп ішіндегі зат шам қызметін атқара алады.		
Энергия үнемдеу үшін тиімді.		

Сөйлесейік

5. Балалардың болашаққа саяхаты қалай өтіп жатыр? Өзің болашақты қалай елестетер едің?

... көрер едім/... көретін едім

... барар едім/... баратын едім

... сұрар едім/... сұрайтын едім

126

Ақылды үй

Фантастикалық әңгімені оқып, оны түсінесің.
Әңгіменің жалғасын болжап айтуды үйренесің.

- ақпарат
- даму
- келесі
- әсіресе



Сұңғат мені өз үйіне қонаққа шақырды. Қалай ойлайсыңдар, мені тағы қандай қызықтар күтіп тұр екен?

Көрсетейік және айтайық

1. Суретке қара. Болашақтың көпқабатты тұрғын үйі туралы не айта аласың?



Оқиық

2. Әңгімені түсініп оқы.

Ақылды үй

Мына зәулім ғимарат – қаладағы көп тұрғын үйлердің бірі. Бұл үйде Сұңғат тұрады. Біздің үйімізден айырмашылығы өте көп. Мұнда көп нәрсе өзгеше екен. Әр қабаттағы **балконға** ұшатын көліктер келіп қонады. Тіпті қоқыс салатын жәшіктер де ақылды. Қоқыстарды өзі-ақ түр-түрге бөле алады. Келесі таңғалғаным, бұл үйдің қабырғаларында Күннен қуат алатын батарея бар. Ал төбесінде жаңбыр суын жинайтын арнайы **құбыр** орналасқан. Ол құбырмен жаңбыр суы үйдің астында орналасқан **суқоймасына** жиналады. Ол суды **тұрғындар** киім, ыдыс, көлік жууға, айналадағы ағаш пен жасыл алаңдарды суаруға пайдаланады. Бұл үй, расында да, ақылды. Айтпақшы, осы биік үйдің төбесінде саябақ бар дегенге сенесіз бе?

Оқиық және жауап берейік

3. Үй туралы қандай ақпарат саған айрықша ұнады? Мәтіннің ұнаған тұсын оқып бер.

Үлгі: Әр қабаттағы балкон үлкен алаңға ұқсас. Бұл ашық алаңқайға ұшатын көліктер келіп қонады.

Ойланайық

4. Берілген сөйлемді оқы. Жоғарғы мәтіндегі қарамен берілген сөздермен сәйкестендір.

1. Онымен жаңбыр суы арнайы орынға ағып барады.
2. Көпқабатты үйде тұратын адамдардың атауы.
3. Мұнда көліктер келіп қонады.
4. Құбырмен келген жаңбыр суы жиналатын орын.

Сен білесің бе?

5. Мәтінді оқы.

Ақылды үй біздің заманымызда да бар. Ақылды үйде жарық, су үнемделеді. Егер өрт бола қалса, өрт сөндіру құрылғылары іске қосылады. Үйдің ішінде бейнебақылау камералары орнатылған. Үй иесі шаруаларын алыстан басқара алады.

! Назар аударайық

Фантастикалық әңгіме ойдан шығарылады.

Сөйлесейік

6. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

Оқыған әңгіме саған ұнады ма? Несімен ұнады?

Бұрын оқыған әңгімелерден қандай айырмашылығы бар?

Осы әңгіме мен ертегінің қандай айырмашылығы бар?

Ізденейік

7. Болашақтағы ауыл үйлері қандай болады? Болжа. Ғаламтордан мәлімет іздеп көр. Постерге сурет сал. Өз қиялыңдағы үй туралы айтып бер.

Үлгі:

Менің ойымша, 2070 жылы ауыл үйлері дөңгелекпен жүретін болады.

Менің ойымша, 2070 жылы ауыл үйлері электр қуатын Күннен алатын болады.

Менің ойымша, 2070 жылы ауыл үйлерінің ауласында жаңбырдың суын өңдейтін құрылғы болады.

127

Өзгеру мен даму

Сөйлеу кезінде жаңа сөздерді қолданасың.

- өзгеру
- кезінде

Көрсетейік және айтайық

1. Суреттерді салыстыр. Қандай өзгеріс байқадың? Айтып бер.




Қолданайық

2. **Өзгеру, даму** сөздерінің мағынасын ажырат. Сөздікті қолдан.



Сөйлесейік

3. Керекті заттарды сатып алу болашақ заманда қалай жүзеге асырылады? Айтып бер.



Тыңдайық және жауап берейік

4. Диалогті тыңда. Сөздермен толықтыр.

Анасы: Сұңғат дүкенге ... бердің бе, балам?

Сұңғат: Иә, анашым, тапсырыс беріп жатырмын, ... өңделіп жатыр, жауап күтіп отырмын.

Санжар: Ғажап, сонда сендер дүкенге бармайсыңдар ма?

Сұңғат: Жоқ, қазіргі заманда адам дүкенге бармайды ғой. Бізге тапсырыс бойынша тамақты әкеліп береді. Көлік тұрағының қасында әр пәтерге арналған ... бар. Сол жерге тауар түскенде бізге дыбыстық ... келеді.

Санжар: Иә, адамдар да, заман да – бәрі өзгерген. Бірақ маған ұнайды. Өзгеру – бұл ... емес пе? Керемет!

Керекті сөздер: тапсырыс, ақпарат, хабарлама, жәшік, даму.

Тыңдайық

5. Мәндес сөздерді анықта.

қатты	озық
өзге	меңгеру
заман	керемет
ғажап	ақпарат
мәлімет	уақыт
үйрену	басқа
үздік	мықты

Жаттығайық

6. Үлгіні пайдаланып, сөйлем құрап жаз.

Үлгі: Бұрын ғарышкерлер ғарышқа кептірілген тағамдар алып жүрді. Ал қазір ғарышкерлердің тағамдарын арнайы сықпаға салады.

1. Бұрын сусындарды шыны бөтелкеге құйды.
2. Бұрын адамдар сүт тағамдарын кептіріп сақтады.
3. Бұрын ғарышқа тек зымырандар ұшты.
4. Бұрын адамдар дүкенде ұзын кезекке тұрды.

Жаттығайық

7. Үлгіге қарап жаз.

Үлгі:

Болашақта сусындарды тек қағаз қораптарға ғана құямыз. Өйткені қағазды қайта өңдеуге болады.

Болашақта дүкендер болмайды. Өйткені адамдар ғаламтор арқылы сауда жасайды.

128

Қайталау

Сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғай аламын.

1. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мектептің төбесі әйнек... жасалған.

Мектептің қабырғасы кірпіш... қаланған.

Мектептің терезесіндегі перде мата... тігілген.

Сыныптың ішіндегі тақта пластик... жасалған.

Сөз тіркесін құрай аламын.

2. Үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Тілді меңгеру.



Сөздердің мағынасын түсінемін және бастапқы мағынаны өзгерте білемін.

3. Тапсырманы орында.

Алғашқы әріпті өзгерт.	Соңғы әріпті қос.
заман – жаман	алға – алғаш
сұйық – ...	өзге – ...
озық – ...	үлгі – ...
қорап – ...	жәқында – ...

Сөздердің мағынасын түсінемін. Мәндес сөзді тауып айта аламын.

4. Берілген сөзге мәндес сөз тауып жаз.

ақпарат – ...

жылдам – ...

атқарады – ...

жарық – ...

алға басу – ...

өзге – ...

керек – ...

айрықша – ...

Таныс сөздерге сүйеніп, мәтін мазмұнын түсіне аламын.

5. Мәтінді толықтырып оқы. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап бер.

Біздің заман – ең жақсы заман. Қазір техника дамыған **заман**. Үйімізде **озық** үлгідегі компьютер, теледидар, ұялы телефон, кіржуғыш мәшине, тамақ пісіретін пеш бар. Адамдар бұл техниканың бәрінің тілін толық **меңгерген**.

Қазіргі көліктер де **өзге**. Олар да **заманауи**. Кейбір көліктер батареямен жүреді, кейбірі күнмен **қуатталады**.

Бүгінде алға басу, **даму** заманы. Көп жұмысты роботтар **атқарады**. **Әсіресе** көлік жасау, киім тігу, **ақпаратты** өңдеу жұмыстарын роботтар өте **сапалы** орындайды.

1. Қазір қандай заман?

2. Неліктен қазіргі уақытты даму заманы дейміз?

3. Қазіргі адамдар нені жақсы үйреніп алған?

4. Бүгінде роботтар қандай қызмет атқарып жүр?

Сурет бойынша әңгіме құрай аламын.

6. Әңгіме құрап айт.

Бұрын	Қазір	Болашақта
		?
		?
		?

129

Сағат неше?

Жаңа сөздермен танысасың.
Сағатты айтып үйренесің.

- шаршау
- тетік

Жаңа сөз үйренейік



шаршау



тетік

Ойланайық

1. Балалар бүгін не нәрсеге таңғалуы мүмкін? Сурет бойынша әңгімелеп бер.



Менің сағатым неге істемей қалған?



Сағат 6-дан 20 минут кетті.

Не істеді, тетікті басты ма?

Оқы

2. Әңгімені түсініп оқы.

Балалар бүгін сауда үйлерін аралады. Сауда орындарында сатушылар жоқ. Сатушының орнына робот қызмет көрсетеді. Қажет тауарды алып, кассаға барасың. Тауарды әй-

нек үстелге қоясың. Төлейтін соманы сізге хабарлайды. Робот-мәшине ақшаны қателеспей санайды.

Балалар мұны қызықтап жүргенде қатты шаршады.

– Бұл жерде ұзақ болдық қой, мен қатты шаршадым, – деді Тілеухан.

– Мен де шаршадым, – деді Азамат.

– Сағат неше болды? – деді Санжар бір кезде.

– Менің сағатым істемей қалды, – деді Талғат ағай.

– Сұңғат келе жатыр, уақытты содан сұрайық.

Сұңғат балаларды тағы таңғалдырды. Ауаға қолын сермеп қалып, сәулелі экраннан уақытты балаларға көрсетті. Сағат 18.20. болыпты.



– Керемет! Ауада тетікті қалай басады?! – деді Санжар.

Оқиық және жауап берейік

3. Сөйлемдерді оқы. Дұрыс, бұрыс пікірлерді тап. Жауапты стикермен белгіле.

	Иә	Жоқ
Балалар қатты шаршады.		
Балалар сағатты білгілері келді.		
Сұңғаттың сағаты кешкі тоғызды көрсетті.		

! Есте сақтайық

	дәл (тура) 	
Сағат 9-ға 10 минут қалды.	Сағат дәл 12.00.	Сағат 2-ден 15 минут кетті.

Нешеде?	Сағат неше (болды)?	
1-де	1-ден	1-ге
2-де	2-ден	2-ге
3-те	3-тен	3-ке
4-те	4-тен	4-ке
5-те	5-тен	5-ке
6-да	6-дан 5 минут кетті (кеткенде)	6-ға 20 минут қалды (қалғанда)
7-де	7-ден	7-ге
8-де	8-ден	8-ге
9-да	9-дан	9-ға
10-да	10-нан	10-ға
11-де	11-ден	11-ге
12-де	12-ден	12-ге

Жаттығайық

4. а) Сағат неше болғанын айт.



ә) Сағаттың суретін салып, уақытты белгілеп көрсет.

10.25

11.55

09.30

07.46

12.15

03.20

01.30

04.00

130

Музейде

Болашақтың музейі туралы диалог оқисың.
Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі туралы білетін боласың.

- өнертабыс
- келесі
- кезінде
- алға

Сөйлесейік

1. Тілеуханның сұрағына жауап бер.

Музей дегеніміз – не?
Музейде қандай заттар болады?
Қандай музейде болдыңдар?



Жаңа сөз үйренейік

Өнертабыс	ғалымдардың ойлап тапқан жаңа дүниесі
Кезінде	«баяғыда, бұрында, өткен заманда» дегенді білдіреді
Алға	артқа сөзіне қарсы мәндес сөз
Келесі	реті бойынша шақыру немесе нұсқап көрсету

Жаттығайық

2. а) Сөйлемдерді керекті сөзбен толықтыр.

Керекті сөздер: келесі, ертеде, өнертабыстар, алға.

1. Мен музейден қазақстандық ... көрмесін көрдім.

2. Музейде көне киімдер бар. Олар ... жібек жіптен тоқылған.

3. Сіздер ... жүріңіздер. Ұлттық өнер бөлімі дәліздің түбінде орналасқан.

4. Ескі кітаптарды ... сөреден таба аласың.

ә) Сөздерден сөйлем құра.

Үлгі: Қазақстанда өнертабыс жоғары бағаланады.

1. Қазақстанда, бағаланады, жоғары, өнертабыс.
2. Мен, барғым, келеді, келесі, жолы, Астананың, музейіне.
3. Қой, сен, экспонаттарды, алға.
4. Бұл, болды, жерде, кезінде, музей.

❗ Есте сақтайық

кім? не істеді?

кім? қайда? не істеді?

кім? қашан? қайда? не істеді?

кім? қашан? қайда? кіммен? не істеді?

Ол барды.

Ол музейге барды.

Ол кеше музейге барды.

Ол кеше музейге досымен барды.

Жазайық

3. Жоғарыда берілген сызбаны пайдаланып, бірнеше сөйлем құра. Сөйлемдегі сөздердің орнына назар аудар.

Болжайық, оқиық

4. а) Алдымен суретке қара, оқитын әңгіме не туралы болатынын болжап айт.





Сұңғат

ә) Диалогті рөлге бөліп оқыңдар.

Сұңғат: Мынау – біздің музей. Алға жүре беріңдер.

Тілеухан: Қараңдар, мынау – біз көрген футбол добы ғой!

Сұңғат: Бұл залда ең соңғы өнертабыстар жинақталған.

Келесі залға өтейік.

Санжар: Мына заттар неге музейде тұр?

Сұңғат: Бұл заттарды қазір мүлдем пайдаланбаймыз.

Азамат: Қаламды да пайдаланбайсыңдар ма?

Сұңғат: Пайдаланбаймыз. Кезінде өте қажет зат болыпты.

Оқыық және жауап берейік

5. Берілген сұрақтардың жауабын диалогтен тауып оқы.

Балалар қай жерде болды?

Олар музейден нелерді көрді?

Балалар неге таңғалды?

Ойланайық

6. Болашақта қалам пайдаланылмауы мүмкін бе?

Тағы қандай заттар бізге болашақта қажет болмауы мүмкін?

Ізденейік

7. Кезінде қолданылған, бірақ қазір қолданылмайтын зат туралы ойла. Көршіңе жұмбақтап түсіндір.

Үлгі: Бұл затпен кезінде бидайды ұнтақтаған. Ұн жасаған. Қазір қолданбаймыз. Бұл не?

131 Денені шынықтырудың пайдасы

Мәтінді тыңдап, кластер толтырасың.

- шешім
- қатысу
- жаттықтырушы


Балалар, бүгін мен өте маңызды шешім қабылдадым. Бүгіннен бастап жаттығу залына барамын. Кім маған қосылады? Кәне, менімен бірге жаттығуды бастайық!



Көрсетейік және айтайық

1. Жаттығу қимылдарын өлеңнің ырғағымен жаса.

Жалқаулықты тастаймыз,
Шынығамыз жастай біз.
Ырғағымен әуеннің
Жаттығуды бастаймыз.
Бір, екі, үш –
Бойға жинап күш.
Оңға, солға бұрылып,
Бастапқы қалыпқа түс.



Сөйлесейік

2. Сұрақ бойынша көршіңмен сұхбат жүргіз.

Сен спортпен шұғылданасың ба?
Қандай спорт түрін ұнатасың?
Таңертең жаттығу жасайсың ба?
Спорт үйірмесіне барасың ба?
Спорттың пайдасы қандай?

Ізденейік

3. Сөздердің мағынасын сөздіктен тауып оқы.

шешім

қатысу

Жаттығайық

4. Сөз тіркесін құр. Сөз тіркесін қатыстырып, сөйлем құра.

Үлгі: шешім қабылдау, жарысқа қатысу.

Мен бүгін шешім қабылдадым.

Біздер жарысқа қатыстық.

Сөйлесейік

5. Суретке қара. Әңгіме құра.



Тыңдайық

6. Әңгімені тыңда. Сұрақтарға жауап бер?

а) Сұңғат неліктен ерте тұрды?

ә) Сұңғат ертемен қайда келді?

б) Спортзалда ол кімдерді кездестірді?


в) Сұңғаттың аталары қандай шешім қабылдапты?

Ойланайық

7. Есепті шығар.

Сұңғаттың үлкен атасы 95 жаста. Ал Сұңғаттың кіші атасы үлкен атасынан 20 жас кіші. Ал Сұңғаттың өз әкесі үлкен атадан 65 жасқа кіші. Сұңғаттың кіші атасы мен әкесі неше жаста?

8. Мәтінді қайталап тыңда. Дәптеріңе берілген кластерді толтыр. Мазмұнын айтып бер.



Сен білесің бе?

Денешынықтыру адамның өмір жасын ұзартады.
Адамның бойына күш береді.

132

Болашақтың жоспары. Күнтізбе

Денсаулықты күту туралы өз ойыңды ауызша және жазбаша жеткізуді үйренесің.

- күнтізбе
- болашақ
- үлгеру
- сенім

Тыңдайық және жауап берейік

1. Диалогті тыңда. Күнтізбе туралы айтып бер.

дс	сс	сс	бс	жм	сб	жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				



Ойланайық

2. Күнтізбедегі қызыл түс нені білдіруі мүмкін? Болжап көр.

Анықтайық

3. Сұңғаттың атасының күнделігіндегі қызыл түсті белгі нені білдіреді? Үстел үстіндегі заттарды мұқият қара. Анықтап көр.



Сөйлесейік

4. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

Сен болашаққа жоспар құрасың ба?

Жоспарыңды қайда белгілейсің?

Жоспарыңда, әдетте, қандай істер болады?

Көрсетейік және айтайық

5. Тілеуханның болашақ жоспарымен таныс. Жоспарды күнтізбеге белгілеп көр.

Балалар, мен қазір ғажайып әлемнің қонағымын. Мен көп нәрсе туралы ойландым. Маңызды шешімдер қабылдадым. Солардың бірі – **болашаққа** жоспар құру, өз **күнтізбемді** белгілеу. Болашаққа **сеніммен** қарау, көптеген істерді жасап **үлгеру**. Ендеше менің болашаққа деген жоспарыммен таныс та, өз жоспарыңды құр.



Үлгі: Менің жоспарым

- Аптасына 4 рет жаттығу залына бару.
- Аптасына бір рет кітапханаға бару.
- Айына бір рет мәдени орындарға (театрға, концертке) бару.
- Айына 2 рет ауылдағы ата-әжеме барып көмек беру.
- Әр сенбіде өз ісіме есеп беру.

Жаттығайық

6. Алдағы айға қандай жоспарың бар? Айтып бер. Үлгі сөйлемдерді қолдан.

Мен көп ойландым.

Мен болашаққа үлкен **сенім** артамын.

Мен мынадай шешімдер қабылдадым.

Денсаулықты күтемін, жаттығу залына барамын.

Мен күнтізбемді былай белгілеймін: сары – ..., көк – ..., жасыл – ..., қызыл – ...

Жазайық

7. Өз жоспарыңды жаз.

Менің күнтізбелік жоспарым

*	
*	
*	
*	

Сөйлесейік

8. Рөлге бөліп оқыңдар.

Тілеухан: Сұңғат, мынау – не?

Сұңғат: Қабырғада тұрған ба?

Тілеухан: Иә, сандары бар.

Сұңғат: Бұл – атамның күнтізбесі. Сарымен боялған күндері үлкен атам дәрігерден онлайн (қашықтан) кеңес алады.

Тілеухан: Атаң дәрігерге өзі бармай ма?

Сұңғат: Бұл – жай тексеретін күн. Мұндай күн менде де бар. Мен аптасына бір рет дәрігеріммен сөйлесемін. Қатты ауырсам ғана дәрігер өзі келеді.

Тілеухан: Ал әр дүйсенбі неге көк түспен боялған?

Сұңғат: Әр дүйсенбіде атам шипажайда достарымен кездеседі.

Тілеухан: Жасыл түс пен қызыл түс ше?

Сұңғат: Жасыл түс отбасымыздағы туған күндер болуы керек. Ал қызыл түсті білмеймін. Анықтап көрсек қайтеді?..

133

Өнертапқыш бала

Сөздіктерді қолдануды үйренесің.
Мәтіннен нақты мәліметті тауып
оқуды үйренесің.

- өнертапқыш
- үмітті ақтау

Көрсетейік және айтайық

1. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.

Сұңғат пен Тілеухан қайда жүр?

Тілеухан неге таңғалып тұр?

Сұңғаттың атасы балалардың қасына қалай келді?

Суретке қарап, Сұңғат туралы не айтуға болады?

Ата, желіге
қосылыңыз.
Сізді дәрігер
күтіп отыр.



Иә, қазір
қосыламын,
балам.

Ізденейік

2. Берілген сөздердің мағынасын сөздіктен іздеп тап.

өнертабыс

өнертапқыш

үмітті ақтау

құштар

Оқиық

3. Мәтінді түсініп оқы.

Бүгін біз Сұңғат екеуіміз саябақта қыдырдық. Сұңғат маған компьютер, роботты техника туралы көп ақпарат берді. Ол бүкіл әлемге танымал **өнертапқыш** бала болып шықты. Ол хабарласқан адамымен виртуалды кездестіре-

тін телефон ойлап тапқан. Мен бүгін оны өз көзіммен көрдім. Жақында ол тағы бір **өнертабысы** үшін марапатқа ие болыпты. Оның келесі еңбегі егін өсірумен байланысты. Ол жаңбыр бұлтын қажет нүктеге апаратын ұшқыш робот жасаған.

Сұңғат – ата-ананың **үмітін ақтаған** ұл. Сұңғаттай досым болғанына мақтанамын. Ол – өте қарапайым, білімге құштар бала.

Оқыық және жауап берейік

4. Берілген сөйлемдерді оқы. «Иә» немесе «жоқ», – деп жауап бер.

1. Сұңғат озық технологияны жақсы меңгерген.
2. Ол танымал емес.
3. Жуырда ол жаңа кітап жазды.
4. Сұңғаттың ата-анасы оған риза. Оны мақтан етеді.
5. Сұңғат бос жатқанды жақсы көреді.

Жаттығайық

5. а) Мәндес сөздерді тап.

әйгілі	құрмет	серуендеу	ғалам	үйрену	жолдас

ә) Берілген сөздер және сөз тіркестерімен сөйлем құрап айт.

Білімге құштар, қарапайым, әйгілі, өнертапқыш, үміт ақтау, марапатқа ие болу, мақтану, озық технологияны меңгерген.

б) Сұңғат туралы өз ойыңды жаз. Жоспарды басшылыққа ал.

1. Сұңғат – жақсы дос, өйткені ...
2. Сұңғат өте тәрбиелі, өйткені ...
3. Сұңғат өте білімді, өйткені ...
4. Сұңғат ғылымға жақын, өйткені ...
5. Сұңғат – үлкенді сыйлай білетін бала, өйткені ...
6. Сұңғат – қамқор бала, өйткені ...
7. Сұңғат салауатты өмір салтын ұстанады, өйткені ...
8. Сұңғат ата-анасының үмітін ақтады, өйткені ...

134**Айға сапар**

Өтірік өлең оқисың.
Өтірік өлең шығарып үйренесің.

- өтірік өлең
- түс

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

Ай туралы қандай аңыз немесе ертегі білесің?
Айда тіршілік бар ма?

Оқиық

2. Өлеңді түсініп оқы.

Балалар, мен түсімде Айға ұшып барыппын. Оянған соң Ай туралы өтірік өлең шығардым. Оқып берейінші.



Айда бұлақ, нулар бар,
Көлде жүзген қулар бар.
Көрмегендер, кәне, тез,
Айға қарай зулаңдар.

Айда асқан дәулет бар,
Таңғаларлық сәулет бар.
Білім, ғылым дамытқан,
«Адам» деген әулет бар.

Көрсетейік және айтайық

3. Өтірік өлең мазмұнын сурет бойынша көрсете отырып әңгімеле.



Балалар, мен сендерді Айға апара аламын. Кеңістікке сапарға шығатын құрылғы ойлап таптым. Жүріңдер, қыдырып қайтайық. Тек бір шартым бар. Осы сапар туралы өлең шығарасыңдар.



Жаттығайық

4. Берілген сұрақтар туралы ойлан.

Айға балалар немен барғалы жатыр?

Айда олар не көруі мүмкін?

5. «Айға сапар» атты өлең құра. Үлгіні басшылыққа ал.



135 Қайта оралу

Оқыған немесе көрген оқиғаның соңын болжап айтуды үйренесің.
«Мен болашаққа сенемін» тақырыбында өз ойыңды жазасың.

• ойластыру

Көрсетейік және айтайық

1. Суретке қара. Кімнің не істеп жатқанын айт.



Тыңдайық

2. Диалогті тыңда, жүргізіп оқы. Түсінгеніңді айтып бер.

Анасы: Тілеухан, тұр, балам, таң атты.

Тілеухан: Жақындама! Үйге оралу керек.

Анасы: Тілеухан, ояншы.

Тілеухан: Жоқ, қорапты ашпа!

Анасы: Қорап! Қандай қорап?

Тілеухан: А-а-а-а! Үйге қайтқым келеді!

Анасы: Тілеухан үйдесің, анаң қасыңда.

Тілеухан: Үһ, түсім екен ғой!



Сөйлесейік

3. Сөйлемдерді үлгі бойынша көршіңмен бірге талқыла. Келісетініңді не келіспейтініңді айт.

Үлгі: Менің ойымша, болашақта «Қызыл кітап» жойылады. Себебі адамдар жануарлар мен өсімдік түрлерін қорғайтын болады.

1. Болашақта адамдар табиғат байлығын үнемдеп қолданады.

2. Болашақтың адамы озық технологияларды пайдаланады.

3. Болашақта адамдар ұзақ жасайды.

4. Болашақта дәрігерлер роботталған түрлі құралдарды пайдаланады.

5. Болашақта сауда орындары болмайды.

6. Алдағы уақытта Айда өмір сүруге болады.

7. Алдағы 50 жылда әр ұлт өз киімін киеді.

8. Болашақтың мектебінде мұғалім болмайды.

Жазайық

4. «Мен болашаққа сенемін» тақырыбында өз ойыңды дәлелдеп жаз. Ұсынылған дайын үлгіні орынды қолдан.



5. Жазба жұмысыңды көршіңмен бірге тексер. Ұсыныстар болса, толықтыр.

136**Қайталау**

Сағатты танымын, айта білемін.

Сағат неше болғанын айта аламын.

1. Сағат тілі бойынша уақыттың неше болғанын айт.



Берілген сөздерден сөз тіркесін құрай аламын.

2. Сөз тіркестерін құрап жаз.

сөйлемді

ақпаратты

түсіну

тілді

келесі

меңгеру

сұйық

май

өңдеу

орын

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білемін.

3. «Адасқан» сөздерді орнына қойып, сөйлем құра.

а) Барамын, мен, жаттығу залына, бүгін.

ә) Шешім, бүгін, мен, қабылдадым.

б) Болашақта, адамдар, сүреді, ұзақ, өмір.

в) Әкесі Сұңғаттың, үнемі, жаттыға алмайды.

г) Адамдар, үнемдеп, қолданады, болашақта, табиғат, байлығын.

Мәндес сөздерді білемін.

4. Үлгі бойынша жаз.

Үлгі: танымал – әйгілі

танымал	құрмет	дос	артқа	ақпарат
қыдыру	бұрында	әлем	ұзарту	көне

Мәтінді оқимын және түсінемін.

5. Есепті шығар.

Сұңғаттың үлкен әжесі 88 жаста. Ал оның кіші әжесі одан 28 жас кіші, бірақ Сұңғаттың анасынан 25 жас үлкен. Сұңғаттың кіші әжесі мен анасы неше жаста?

Сөздердің мағынасын түсіндіре аламын.

6. Берілген сөздердің мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.

ОЗЫҚ
технология

салауатты өмір салты

өнертапқыш

Сұрақтарға жауап жаза аламын.

7. Сұрақтарға жауап жаз.

а) Ұзақ жасаудың сыры неде?

ә) Табиғат байлығын қалай үнемдеуге болады?

б) Музейде қандай заттар болады?

Өтірік өлең шығара аламын.

8. Бос орынға сөздер ойлап тауып, өлеңді құра.

Айда биік бар,

Айда терең бар.

Көрмегендер, кәне, тез,

Айға зулаңдар.

МАЗМҰНЫ

Ғарышқа саяхат

Ғарышкер болғым келеді	4
Байқоңыр.....	7
Ғарышкеме	10
Ғарыштағы ас мәзірі.....	12
Қазақстанның тұңғыш ғарышкері.....	15
Талғат Мұсабаев	18
Айдын Айымбетов	21
Қайталау.....	24
Шарға ұқсас денелер.....	26
Ғаламшарлар	29
Мен астроном боламын	32
Ғаламшар сипаты.....	34
Қызылжұлдызға (Марсқа) саяхат	37
Жетіқарақшы.....	40
Оның қалауын білемін	43
Қайталау.....	45

Болашаққа саяхат

Сиқырлы қорап	48
Болашақтың мектебі	51
Менің қиялымдағы мектеп	54
Заманауи көлік	57
Сиқырлы доп.....	59
Ақылды үй.....	62
Өзгеру мен даму	65
Қайталау	68

Сағат неше?	70
Музейде.....	73
Денені шынықтырудың пайдасы	76
Болашақтың жоспары. Күнтізбе	79
Өнертапқыш бала	82
Айға сапар	84
Қайта оралу	87
Қайталау.....	90

Оқулық басылым Учебное издание

Нурлугуль Жузбаевна Даулеткереева,
Гульгуль Бектемировна Мухангалиева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

3-бөлім
Оқу қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын
жалпы білім беретін мектептің
4-сынып оқушыларына арналған

Часть 3
Для учащихся 4 класса
общеобразовательной школы
не с казахским языком обучения

Редакторы / Редактор – М. К. Солтангазина

Әдіскері / Методист – Ф. С. Лекерова

Корректоры /Корректор – Б. М. Жампеисова

Дизайн – Е. С. Жузбаев

Суретшілері / Художники: Е. А. Ибрашов, А. Б. Турысбеков

Мұқаба / Обложка: А. Б. Турысбеков, Е. А. Ибрашов, Е. С. Жузбаев

Беттеушілері / Верстка: М. С. Шелекбаева, Г. А. Матакбаева

Ұнтаспаны оқығандар / Озвучивание текста: Қ. А. Қонысбеков, Ж. К. Кекілбай

Басуға 15.05.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$. Есептік баспа табағы 4,59.

Шартты баспа табағы 7,74. Офсеттік басылым.

Әріп түрі «Open Sans». Офсеттік қағаз.

Қосымша таралымы 15 000 дана. Тапсырыс № 2104

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз:

Қазақстан Республикасы,

050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,

«АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС,

тел. +7 (727) 250 29 58, факс +7 (727) 292 81 10.

e-mail: info@almatykitap.kz

Сапа және қауіпсіздік

стандарттарына сай.

Сертификация қарастырылмаған.

Сақтау мерзімі шектелмеген.

Подписано в печать 15.05.2023 г.

Формат 70x100 $\frac{1}{16}$. Уч.-изд. л. 4,59.

Усл. печ. л. 7,74. Печать офсетная.

Гарнитура «Open Sans». Бумага офсетная.

Доп. тираж 15 000 экз. Заказ № 2104

С претензиями по качеству обращаться:

Республика Казахстан,

050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,

ТОО «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ»,

тел. +7 (727) 250 29 58; факс +7 (727) 292 81 10.

e-mail: info@almatykitap.kz

Соответствует всем стандартам качества

и безопасности.

Сертификация не предусмотрена.

Срок годности не ограничен.

Қытайда басылды / Отпечатано в Китае

C&C Joint Printing Co., (Beijing) Ltd.

No.3 Donghuan North Road, BDA, Beijing, 100176, China

Кітаптарды «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС-ның кітап дүкендерінен сатып алуға болады.

Астана қаласы: Иманов көшесі, 10, тел.: (7172) 53 70 84, 27 29 54;

Б. Момышұлы даңғылы, 14, тел.: (7172) 42 42 32, 57 63 92.

Алматы қаласы: Абай даңғылы, 35/37, тел.: (727) 267 13 95, 267 14 86;

Гоголь көшесі, 108, тел.: (727) 279 29 13, 279 27 86; Қабанбай батыр көшесі, 109, тел.: (727) 267 54 64, 272 05 66;

Жандосов көшесі, 57, тел.: (727) 303 72 33, 374 98 59; Майлин көшесі, 224 «А», тел. (727) 386 15 19;

Төле би көшесі, 40/1, тел.: (727) 273 51 38, 224 39 37.

Интернет-дүкен: www.flip.kz

Сауда бөлімі, тел.: (727) 292 92 23, 292 57 20.

e-mail: sale1@almatykitap.kz

Кітаптар мен басылымдар туралы мағлұматтарды
www.almatykitap.kz сайты арқылы білуге болады.

Оқулықты пайдалану туралы деректер. Сведения о пользовании учебником

№	Оқушының аты-жөні Фамилия и имя ученика	Оқу жылы Учебный год	Оқулықтың жағдайы Состояние учебника	
			Жылдың басында В начале года	Жылдың аяғында В конце года
1				
2				
3				
4				
5				